

Скринингті ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 9 қыркүйектегі № 704 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 15 қыркүйекте Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6490 болып енгізілді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.08.2021 № ҚР ДСМ-91 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуді қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабының 1) тармақшасына сәйкес, сондай-ақ босанғанға дейінгі диагностиканы және балалардың түа біткен және тұқым қуалайтын ауруларын алдын алуды жетілдіру, Қазақстан Республикасында балалардың сырқаттанушылығы мен мүгедектігін төмендету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған скринингті ұйымдастыру қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.08.2021 № ҚР ДСМ-91 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті (Қ.Ш. Нұрғазиев) белгіленген тәртіпте осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Әкімшілік-құқықтық жұмыс департаменті (Ф.Б. Бисмильдин) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Облыстардың, Астана және Алматы қалалары денсаулық сақтау басқармаларының басшылары (келісім бойынша):

1) осы бұйрыққа сәйкес скрининг ұйымдастыруды қамтамасыз етсін;

2) тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Акушерия, гинекология және перинатология ғылыми орталығы" РМК-на скрининг ұйымдастыру туралы ақпаратты ұсынсын.

5. "Қазақстан Республикасында медициналық-генетикалық консультациялардың (бөлімшелердің) қызметі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрдің міндетін атқарушының 2008 жылғы 7 наурыздағы № 125

бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5178 тіркелген, 2005 жылғы 25 сәуірдегі № 62 (288) "Заң газеті" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Денсаулық сақтау вице-министрі С.З. Қайырбековаға жүктелсін.

7. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі

Ж. Досқалиев

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2010 жылғы 9 қыркүйектегі
№ 704 бұйрығымен бекітілген

Скринингті ұйымдастыру қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - КР Денсаулық сақтау министрінің 25.08.2021 № КР ДСМ-91 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Скринингті ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының "Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және Қазақстан Республикасында балалардың түа біткен және тұқым қуалайтын ауруларының профилактикасын жетілдіру, балалардың сырқаттанушылығы мен мүгедектігін төмендету мақсатында жаңа туған нәрестелер мен ерте жастағы балалардың пренаталдық, неонаталдық, аудиологиялық скринингін, балалардың дамуының скринингін, шала туған нәрестелердің офтальмологиялық скринингін ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидалар меншік нысанына қарамастан скрининг жүргізуі жүзеге асыратын, медициналық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар денсаулық сақтау субъектілеріне қолданылады.

3. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) бірінші триместрдің құрамдастырылған тесті – хромосомалық патологияның ультрадыбыстық маркерлерін өлшеуге негізделген ұрықтың хромосомалық патологиясының жекелеген генетикалық қаупін есептеу және бірінші триместрдің аналық сарысу маркерлерін (бұдан әрі – АСМ) айқындау;

2) бірінші триместрдің аналық сарысу маркерлерінің талдау – ұрықта хромосомалық патологиялардың - Дауна синдромының, Эдвардс синдромының, Патау синдромының, Тернер синдромының даму қаупін анықтау үшін ана қанын зерттеу;

3) денсаулық сақтау саласындағы үәкілетті орган (бұдан әрі – үәкілетті орган) Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау, медицина және фармацевтика ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, медициналық қызметтер (көмек) көрсетудің сапасы саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

4) жаңа туған нәрестелер мен ерте жастағы балалардың аудиологиялық скринингі – мүгедетікке әкелетін ерте араласу, оңалту және аурулардың алдын алу үшін есту қабілетінің бұзылуын анықтау мақсатында жаппай стандартталған тексеру;

5) инвазивті пренаталдық диагностика (бұдан әрі – ИПД) – цитогенетикалық, молекулалық-цитогенетикалық немесе молекулалық-генетикалық талдау үшін ұрық тектес материалды алу арқылы жатырішлік тесу арқылы жүзеге асырылатын ұрықтың хромосомалық және моногендік патологиясын диагностикалау әдістері;

6) инвазиялық әдістер – адам организмінің ішкі ортасына ендіру жолымен жүзеге асырылатын диагностикалау мен емдеу әдістері;

7) қысқа латенттелген естудің шақырылған потенциалдары (бұдан әрі – ҚЛЕШП) - есту жүйесінің әртүрлі құрылымдарында, негізінен ми бағанасында, дыбыстық ынталандыруға жауап ретінде пайда болатын және бастың бетінен тіркелетін биоэлектрлік потенциалдар;

8) медициналық ақпараттық жүйе (бұдан әрі – МАЖ) – денсаулық сақтау субъектілерінің процестерін электрондық форматта жүргізуі қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе;

9) неонаталдық скрининг – жаңа туған нәрестелерді зат алмасудың тұқым қуалаушылық ауруларына, оларды ерте анықтау және емдеу мақсатында жаппай кешенді стандартталған зерттеп-қарау;

10) пренаталдық консилиум – жатырішлік ұрықтың генетикалық диагнозын нақтылау, жаңа туған нәрестенің дамуы мен одан арғы өмір тіршілігін болжамдау, жүктілікті зерттеп-қарау тәсілдерін, босану мерзімі мен орнын анықтау үшін бейінді мамандардың жүкті әйелге консультациясы;

11) пренаталдық скрининг – жатырішлік ұрықтың кейіннен генетикалық диагнозы нақтыланған, хромосомалық патологиясы мен дамуының түа біткен кемістігі (бұдан әрі – ДТК) бойынша қауіп топтарын анықтау мақсатында жүкті әйелдерді жаппай кешенді зерттеп-қарау;

12) даму скринингі – ерте араласу, оңалту және мүгедектікке әкелетін аурулардың алдын алу үшін даму бұзылыстары бар қауіп тобын анықтау мақсатында балаларды жаппай стандартталған тексеру;

13) шала туған нәрестелердің офтальмологиялық скринингі – декретtelген мерзімде шала туған нәрестелерде ретинопатияның дамуы бойынша (бұдан әрі – РД) қауіп тобындағы жаңа туған нәрестелердің көзінің түбін стандартталған зерттеп-қарастыру.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тaraу. Пренаталдық скринингті ұйымдастыру тәртібі

4. Пренаталдық скрининг ұрықтың хромосомалық, тұқым қуалайтын генетикалық патологияларын және түзетуге келмейтін, ауыр өліммен аяқталатын балалардың туылуын алдын алу үшін бағытталған.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - КР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Пренаталдық тексеру мыналарды қамтиды:

жүкті әйелдердің жаппай ультрадыбыстық скринингі;

ұрықта хромосомалық патологияның даму қаупін анықтау үшін АСМ-ді талдау; медициналық-генетикалық консультация беру;

ұрықтың хромосомдық және моногендік патологиясының ИПД-сы (ұрықтың хромосомдық және моногендік патологиясын алып тастауға арналған ИПД);

пренатальды консилиум;

пренатальды скринингтің тиімділігін мониторингтеу;

хромосомалық патологиясы және ТДК-сы бар балалардың туу жағдайлары бойынша уәкілетті органға есептік деректерді ұсыну.

6. Пренаталдық скринингтің бірінші кезеңінің іс-шаралары мыналарды қамтиды:

анамнез жинау;

жүктіліктің белгілі бір мерзімінде ұрықтың бірінші, екінші және үшінші триместрлерінің ультрадыбыстық скринингін жүргізууді қамтамасыз ету;

жүктіліктің бірінші триместріндегі ұрықтың хромосомалық патологиясының жеке генетикалық қаупін есептей отырып, АСМ-ді талдауға жіберу;

туа біткен және тұқым қуалайтын патология бойынша "қауіп" факторлары бар жүкті әйелдер тобын қалыптастыру және осы топты пренаталдық скринингтің екінші кезеңіне жіберу.

7. Пренаталдық скринингтің бірінші кезеңінде "Акушерия және гинекология" немесе "Жалпы медицина" мамандығы бойынша дәрігер жүкті әйелдерді бастапқы қабылдауда:

анамнез жинауды, тұа біткен және тұқым қуалайтын патология бойынша "қауіп" факторлары бар жүкті әйелдер тобын қалыптастыруды жүргізеді. Тұа біткен және тұқым қуалайтын патология бойынша "қауіп" факторлары бар жүкті әйелдер "Медициналық генетика" мамандығы бойынша (ультрадыбыстық скринингсіз және ХМЖ талдауынсыз) мынадай айғақтар бойынша тікелей дәрігерге жіберіледі: жүкті әйелдің жасы 37 және одан жоғары, генетикалық айғақтар бойынша жүктілікті үзу және (немесе) ДПО немесе хромосомалық патологиясы бар баланың туу жағдайларының анамнезінде болуы (немесе туыстарының болуы), моногенді тұқым қуалайтын ауруы бар баланың туу, анамнезінде бір және одан да көп баланың өлі туу, әдеттегі көтере алмау, еденге тіркелген диагнозы белгісіз және анықталмаған өлім жағдайларының болуы;

жүктіліктің бірінші, екінші және үшінші триместрінде ультрадыбыстық скринингке жібереді;

ұрықтың хромосомалық патологиясының жеке генетикалық қаупін есептей отырып, АСМ талдауға жібереді.

8. Пренаталдық скринингтің бірінші кезеңінде "Акушерия және гинекология" немесе "Жалпы медицина" мамандығы бойынша дәрігер пренаталдық скрининг нәтижелерімен жүкті әйел қайтадан келген кезде оны "медициналық генетика" мамандығы бойынша дәрігердің консультациясына мынадай өлшемшарттар бойынша жібереді:

хромосомалық патологияның ультрадыбыстық маркерлерін анықтау және (немесе) бірінші, екінші және үшінші триместрлердің ультрадыбыстық скринингін жүргізу кезінде ұрықтың анатомиялық даму аномалияларын анықтау;

бірінші триместрдің біріктірілген тестін өткізгеннен кейін ұрықтың 1:150 және одан жоғары хромосомалық патологиясының жеке генетикалық қаупін анықтау;

жас факторының болуы (37 және одан жоғары жастағы әйелдер).

9. Пренаталдық скринингтің бірінші кезеңінде жүкті әйелдер бірінші триместрдің ультрадыбыстық скринингінен кейін соңғы етеккірдің бірінші күнінен бастап жүктіліктің 11 апта 0 күнінен бастап 13 апта 6 күнге дейін (күнтізбелік 1-3 күннен кешіктірмей ұсынылады) бірінші триместрдің біріктірілген тестінде АСМ талдауға жіберіледі.

10. АСМ талдауын және құрамдастырылған қатерді есептеуді жүзеге асыратын медициналық үйымдарда жүкті әйелдің қан үлгісін алу, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес жүкті әйелдің қан үлгісін алу, таңбалау, жеткізу алгоритмі бойынша жүзеге асырылады.

11. Жүкті әйелдердің қанының сарысын немесе құрғақ қан дақтарын пренаталдық скринингтің бірінші кезеңін өткізген денсаулық сақтау үйымдары қан алынғаннан кейін 36 сағаттан кешіктірмейтін мерзімде пренаталдық скринингтің екінші кезеңіне жібереді.

Қан сарысынан немесе құрғақ қан дақтарынан АСМ талдау және құрамдастырылған қатерді есептеу "Зертханалық диагностика" кіші түрі бойынша медициналық қызметке лицензиясы бар және медициналық ақпараттық жүйемен ықпалдастырылған медициналық ақпараттық жүйесі немесе зертханалық ақпараттық жүйесі бар денсаулық сақтау субъектілерінде орындалады.

ЕскеRTу. 11-тармақ жаңа редакцияда - КР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 01.11.2022 № КР ДСМ-123 (алғашкы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Жүкті әйелдерді пренаталдық скринингтің бірінші кезеңінде тексеру үш реттік ультрадыбыстық скринингті қамтиды, оның нәтижелері бекітілген нысандарға (медициналық карталарға "Жүктіліктің бірінші триместріндегі ультрадыбыстық зерттеу хаттамасы" және "Жүктіліктің екінші және үшінші триместріндегі ультрадыбыстық зерттеу хаттамасы" қосымша парактары, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № КР ДСМ-175/2020 "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) (бұдан әрі – бұйрық № КР ДСМ-175/2020) бекітілген "Амбулаториялық пациенттің медициналық картасы" № 052/е нысаны), жүктілік кезінде скринингтік ультрадыбыстық зерттеу жүргізу бойынша біліктілікті арттырудан өткен "Ультрадыбыстық диагностика" (пренаталдық ультрадыбыстық диагностика) мамандығы бойынша дәрігерлер жүктіліктің келесі мерзімінде толтырылады:

жүктіліктің 11 апта 0 күнінен бастап 13 апта 6 күнге дейін құйымшак төбе 45 мм-ден 84 мм-ге дейін болған кезінде;

жүктіліктің 19 апта 0 күнінен бастап 21 апта 0 күнге дейін;

жүктіліктің 30 апта 0 күнінен 32 апта 6 күнге дейін.

13. Пренаталдық скринингтің бірінші кезеңінде ультрадыбыстық скрининг жүргізу кезінде ұрықтың хромосомдық патологиясының және (немесе) ДТК ультрадыбыстық маркерлері анықталған кезде жүкті әйел жүктілікті ұзартудың орындылығы туралы мәселені шешу мақсатында ұрыққа ультрадыбыстық зерттеу жүргізу және (немесе) ИПД жүргізу және (немесе) мультидисциплинарлық пренталдық консилиум жүргізу үшін көрсетілімдерді айқындау мақсатында "Медициналық генетика" мамандығы бойынша дәрігерге пренаталдық скринингтің екінші кезеңіне жіберіледі.

Бұл жағдайда облыстық деңгейде босандыру қызметтерін көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің (объектілерінің) қашықтықтан медициналық қызметтерді пайдалана отырып, "Медициналық генетика" мамандығы бойынша дәрігердің және (

нemесе) қашықтықтан мультидисциплинарлық пренаталдық консилиумын жүргізуге жол беріледі.

14. Бірінші, екінші, үшінші триместрдің ультрадыбыстық скринингінен және бірінші триместрдің аралас тестінен өту және нәтижелері туралы ақпаратты "Акушерия және гинекология" немесе "Жалпы медицина" мамандығы бойынша дәрігер немесе "Акушерлік іс" мамандығы бойынша орта медицина қызметкері "Бекітілген халық тіркелімі" электрондық порталының "Жұкті және фертильді жастағы әйелдер тіркелімі" МАЖ-ға енгізеді.

15. Екінші кезеңдегі пренатальды скрининг шаралары мыналарды қамтиды:

туа біткен және тұқым қуалайтын аурулары бар балалардың тууы бойынша "қатер" тобындағы жұкті әйелдерге медициналық-генетикалық консультация беру;

"Ультрадыбыстық диагностика" мамандығы бойынша кемінде үш сараптамалық сыйыпты және (нemесе) дәрігерлер консилиумын растайтын ультрадыбыстық зерттеу жүргізу;

бірінші триместрдің аралас сынағы үшін АСМ талдау;

көрсеткіштер бойынша ИПД жүргізу;

ұрықтың материалына цитогенетикалық, молекулярлық-цитогенетикалық және (нemесе) молекулярлық-генетикалық зерттеу жүргізу;

пренаталдық консилиум өткізу;

есептік және есептілік нысандарды толтыру;

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес пренаталдық скрининг жүргізу туралы ақпарат беру алгоритміне және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес пренаталдық скрининг процесі мен нәтижесінің индикаторына сәйкес "Жұкті және фертильді жастағы әйелдер тіркелімі" МАЖ негізінде пренаталдық скринингтің тиімділігінің мониторингі.

16. Пренаталдық скринингтің екінші кезеңіндегі бірінші триместрдің құрамдастырылған тесті үшін АСМ талдау "Зертханалық диагностика" кіші түрі бойынша медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау субъектілерінде жоғары флуоресценттік белгісі, электрохемилюминисценция және жеке генетикалық тәуекелді есептеудің бағдарламалық қамтамасыз өту әдістерімен талдауыштарда жүргізіледі.

17. АСМ талдаудан өткен аналардан хромосомалық патологиясы бар балалар туган кезде пренаталдық скринингтің екінші кезеңінің денсаулық сақтау субъектілері ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген № 097/е нысанының "Қанды биохимиялық генетикалық скринингке жіберу" қосымша парагының көшірмесімен қоса қан сарысуларын және (нemесе) құрғақ қан дақтарын жеткізеді және жібереді және зертханааралық салыстырмалы сынақ (бұдан әрі – ЗАСС) жүргізу үшін пренаталдық скринингтің үшінші кезеңіне талдау нәтижесі жіберіледі.

Әрбір жағдай бойынша пренаталдық скринингтің үшінші кезеңіне нәтиже ұсына отырып, ішкі қызметтік тексеру жүргізу үшін жеке генетикалық қауіп-қатерді және бірінші триместрдің ультрадыбыстық зерттеуін (УДЗ) есептей отырып, ХМЖ талдауын орындаған медициналық ұйым хабардар етіледі.

АСМ-ге талдау жүргізетін денсаулық сақтау ұйымдары сапаны сыртқы бақылауды ұйымдастырудан қорытынды ала отырып, ЗАСС-қа қатысады. ЗАСС Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы "Зертханалық диагностика жүргізуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" №ҚРД СМ-257/2020 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21768 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

18. Бірінші триместрдің біріктірілген тестіндегі жеке генетикалық қауіпті есептеу мыналарға:

ультрадыбыстық маркерлерді өлшеуге (жаға кеңістігінің қалындығы, мұрын сүйектерінің, құйымшақ-төбе өлшемінің ұзындығы);

(PAPP-A) плазмалық протеині және созылмалы гонадотропиннің бос В бірлігі (b-HCG)) ықтималдылық қатынастарының ең көп санын (популяциялық айырмашылықтар, ананың салмағы мен этникалық белгілері, темекі шегу, қант диабетінің болуы, көп құнарлылық, қосалқы репродуктивті әдістер мен технологияларды қолдану) қолдана отырып талдауға негізделген.

19. Пренаталдық скринингтің екінші кезеңінде бірінші триместрдің аралас тестін жүргізу және жүкті әйелдегі хромосомалық патологияның жоғары жеке генетикалық қаупін анықтау кезінде "Акушерия және гинекология" мамандығы бойынша дәрігер ИПД жүргізу туралы мәселені шешу үшін "Медициналық генетика" мамандығы бойынша дәрігердің консультациясын тағайындаиды.

Бұл жағдайда "Медициналық генетика" мамандығы бойынша дәрігердің қашықтықтан консультациясын жүргізуге жол беріледі.

20. "Акушерия және гинекология" мамандығы бойынша дәрігердің жолдамасы бойынша пренаталдық скринингтің екінші кезеңінде "Ультрадыбыстық диагностика" (пренаталдық Ультрадыбыстық диагностика) мамандығы бойынша дәрігер №ҚРД СМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген, № 052/е нысанды амбулаториялық пациенттің медициналық карталарына, "Жүктіліктің 1-ші триместріндегі ультрадыбыстық зерттеу хаттамасы" және "Жүктіліктің екінші және үшінші триместріндегі ультрадыбыстық зерттеу хаттамасы" қосымша парактары бойынша 3D және 4D эхография, доплерометрия режимдерімен сарапшылық кластағы ультрадыбыстық аппараттарда ұрыққа ультрадыбыстық зерттеу мынадай жүктілік мерзімінде жүргізеді:

ұрық анатомиясын кеңейтілген бағалау үшін 11 апта 0 күннен бастап 13 апта 6 күнге дейін; веноздық түтіктің және трикуспидті қақпақшаның доплерографиясы, ішкі жүтқыншақтың сипаттамасымен жатыр мойнының жатыр мойны каналының трансвагинальды эхографиясы (көрсеткіштер бойынша);

3D және 4D эхография режимдерін қолдана отырып, доплерометрия, плацентография және амниография, жатыр мойнының жатыр мойны каналының трансвагинальды эхографиясын жүргізе отырып, ішкі жұтқыншақты сипаттай отырып, ұрық анатомиясын кеңейтілген бағалау үшін 19 апта 0 күннен бастап 21 аптаға дейін (айғақтар бойынша);

3D және 4D эхография режимдерін қолдана отырып, доплерометрия, плацентография және амниография жүргізе отырып, ұрық анатомиясын кеңейтілген бағалау үшін 30 апта 0 күннен бастап 32 апта 0 күнге дейін.

21. Ұрықтың хромосомдық патологиясы мен ТДА ультрадыбыстық маркерлері анықталған немесе расталған кезде пренаталдық скринингтің екінші кезеңінің "Ультрадыбыстық диагностика" (пренаталдық ультрадыбыстық диагностика) мамандығы бойынша дәрігер жүкті әйелді "Медициналық генетика" мамандығы бойынша дәрігерге консультацияға жіберу үшін "Акушерия және гинекология" мамандығы бойынша дәрігерге жібереді.

22. Пренаталдық скринингтің екінші кезеңінде "Медициналық генетика" мамандығы бойынша дәрігер жүктіліктің 21 аптасы 6 күніне дейін пренаталдық консилиум жүргізу мәселесін медициналық ұйым басшысының орынбасары, генетик дәрігер, акушер-гинеколог дәрігер, неонаталдық хирург, психолог және анықталған патологияға байланысты басқа да бейінді мамандардың міндетті қатысуымен шешеді. Жүкті әйелдің деректерін талдағаннан кейін: анамnez, бірінші триместрдің арасы тестінің нәтижелері, ультрадыбыстық скринингтің деректері, жүкті әйелді қосымша тексерудің нәтижелері пренатальды консилиум № КР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген "Дәрігерлік – консультациялық комиссияның қорытындысы" № 026/е нысаны бойынша дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысын береді.

23. ИПД жүргізуге қойылатын талаптар:

1) ИПД пренаталдық инвазиялық әдістер бойынша оқытудан өткен "Акушерия және гинекология" мамандығы бойынша дәрігер және "Ультрадыбыстық диагностика" (пренаталдық ультрадыбыстық диагностика) мамандығы бойынша дәрігер манипуляциялық кабинеті болған кезде пренаталдық скринингтің екінші және (немесе) үшінші кезеңінің амбулаториялық және стационарлық жағдайларында жүргізіледі:

жүктіліктің 11 апта 0 күннен бастап 14 апта 0 күнге дейін - хорион ворсинінің биопсиясы;

жүктіліктің 14 аптасы 0 күннен бастап 18 апта 0 күнге дейін - плацентоцентез;

жүктіліктің 16 апта 0 күннен бастап 20 апта 0 күнге дейін - амниоцентез;

жүктіліктің 20 апта 0 күннен бастап 21 апта 0 күнге дейін - кордоцентез;

2) ұрық материалын зерттеуді "Медициналық генетика" мамандығы бойынша дәрігерлер және (немесе) цитогенетикалық және (немесе) молекулалық-цитогенетикалық әдістерді менгерген, ұрық материалына талдау жүргізу бойынша оқытудан өткен мамандар жүргізеді;

3) хорион биопсиясы, плацентоцентез және амниоцентез биопсия әдістерімен ИПД жүргізгендегін кейін нәтижені беру мерзімі күнтізбелік 3-5 күн ішінде, кордоцентез кезінде күнтізбелік 7 күн ішінде, кейіннен жолдамамен және қорытындымен ұрық материалының цитогенетикалық препаратын кемінде күнтізбелік 5 жыл бойы сақтай отырып беру мерзімі;

4) пренаталдық скринингтің екінші кезеңінде ИПД жүргізу мүмкін болмаған кезде, моногенді тұқым қуалайтын ауру жағдайында молекулярлық-цитогенетикалық, молекулярлық-генетикалық диагностиканың (белгілі отбасылық мутация жағдайында) қажеттілігі кезінде жүкті әйелді "Акушерлік және гинекология" мамандығы бойынша дәрігер "Медициналық генетика" дәрігері ИПД жүргізу үшін пренаталдық скринингтің үшінші кезеңіне жібереді.

24. ИПД жүргізуге арналған көрсеткіштер:

жүкті әйелдің жасы 37 және одан жоғары;

анамнезінде ТДА немесе хромосомдық патологиясы бар баланың түу жағдайларының болуы;

хромосомалық немесе гендік мутациялардың отбасылық тасымалдауы;

ультрадыбыстық скрининг жүргізу кезінде ұрық дамуының анатомиялық ауытқуларын анықтау;

ультрадыбыстық скрининг кезінде ұрықтағы хромосомалық патологияның ультрадыбыстық маркерлерін анықтау;

бірінші триместрдің біріктірілген тестінен өткеннен кейін жеке генетикалық қауіп 1 :150 және одан жоғары.

25. Пренаталдық скринингтің екінші кезеңінде ұрықтың хромосомалық немесе моногенді тұқым қуалайтын аурулары анықталған кезде ИПД нәтижесін "Акушерия және гинекология" немесе "Жалпы медицина" мамандығы бойынша дәрігер немесе "Акушерлік іс" мамандығы бойынша орта медицина қызметкери "Бекітілген халық тіркелімі" электрондық порталының "Жүкті және фертильді жастағы әйелдер тіркелімі" МАЖ-ға енгізеді.

26. Ұрықтың ТДА болған кезде "Акушерия және гинекология" және "медициналық генетика" мамандығы бойынша дәрігерлер жүкті әйелді жүктіліктің кез келген мерзімінде пренаталдық консилиум жүргізуге жібереді.

27. Пренаталды консилиум мынадай мақсаттарда жүргізіледі:

құрсақшілік ұрықтың генетикалық диагнозын верификациялау;

ұрықтың және жаңа туған нәрестенің денсаулығы мен өмірінің болжамын анықтау;

отбасына олардың салдарларын, медициналық арасындағы ықтимал нұсқаларын, олардың салдарлары мен тиімділігін бағалай отырып, ТДА - на емдеу мен түзетудің қазіргі заманғы әдістері туралы ақпарат беру;

жүктілікті одан әрі жүргізу дің тактикасын айқындау: ИПД жүргізу және (немесе) пренаталдық скринингтің үшінші кезеңіне жіберу қажеттілігі;

жеткізу мерзімін, әдісін және деңгейін айқындау.

28. Пренаталды консилиумның қорытындысына байланысты жүкті әйел жіберіледі:

генетикалық көрсеткіштер бойынша және диагнозды патологиялық-анатомиялық верификациялай отырып, шарананың ауыр ТДА кезінде жүктілікті ұзуге;

мерзімі, әдісі және босану орны және жаңа туған нәрестені басқарудың кейінгі тактикасы туралы ұсыныстармен жүктілікті ұзартуға.

29. Пренаталдық скринингтің екінші және (немесе) үшінші кезеңінің "Медициналық генетика" мамандығы бойынша дәрігер пренаталдық консилиумның қорытындысын МАЖ-та енгізеді.

30. Пренаталдық консилиумның шешімі бойынша пренаталдық скринингтің екінші, үшінші кезеңдеріне жүкті әйелдер жіберіледі:

туа біткен және түқым қуалайтын патологияның синдромдық нысандары кезінде диагнозды верификациялау үшін;

ТДА - ны одан әрі хирургиялық түзету мүмкіндігі туралы мәселені шешу үшін; цитогенетикалық, молекулалық-цитогенетикалық немесе молекулалық-генетикалық зерттеулер жүргізу үшін.

31. Пренаталдық скринингтің екінші және (немесе) үшінші кезеңінде "Медициналық генетика" мамандығы бойынша дәрігер жүкті әйелді:

ұрықтағы хромосомалық патологияның жоғары генетикалық қаупі;

ИПД жүргізгеннен кейін қалыпты кариотип кезінде ұрықта ТДА болуы;

отбасында (туыстықтың бірінші және екінші дәрежелі жақын туыстары) дифференцияланбаған ақыл-ой кемістігі бар балалардың туу жағдайларының болуы;

32. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

33. Пренаталдық скринингтің үшінші кезеңінің іс-шаралары мыналарды қамтиды:

пренатальды скринингтің кез келген кезеңінде анықталған ұрықтағы хромосомалық патология және ТДА бойынша қауіп тобындағы жүкті әйелдерге медициналық-генетикалық кеңес беру.

"Ультрадыбыстық диагностика" (пренаталдық Ультрадыбыстық диагностика) және "Медициналық генетика" мамандығы бойынша кемінде үш сараптамалық кластар ұрыққа және (немесе) дәрігерлер консилиумына растайтын ультрадыбыстық зерттеу жүргізу;

ИПД өткізу;

ұрық материалына цитогенетикалық, молекулярлық-цитогенетикалық, молекулярлық-генетикалық талдаулар жүргізу;

пренаталдық скринингтің екінші кезеңінде жүргізілген АСМ ЗАСС талдау жүргізу;

процестің индикаторлары бойынша тиімділікке мониторинг және талдау жүргізу және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес пренаталдық скрининг нәтижесі.

34. Пренаталдық скринингтің үшінші кезеңінде "Ультрадыбыстық диагностика" мамандығы бойынша дәрігер (пренаталдық Ультрадыбыстық диагностика) ұрықтың анатомиясын көнектілген бағалау үшін, сондай-ақ пренаталдық скринингтің бірінші және екінші кезеңдерінде анықталған доплерометрия, жүктіліктің кез келген мерзімінде эхография, доплерометрия 3D және 4D режимдерімен сарапшылық кластағы ультрадыбыстық пренаталдық диагностика аппараттарында ультрадыбыстық зерттеу жүргізеді.

35. Алып тасталды - КР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

3 - тарау. Неонаталдық скринингті ұйымдастыру тәртібі

36. Неонаталдық скрининг мүгедектікке және балалар өліміне әкелетін ауыр аурулардың дамуының алдын алу мақсатында уақтылы емдеу тағайындау үшін тұқым қуалайтын және туда біткен ауруларды ерте анықтауға бағытталған.

37. Неонаталдық скрининг жаңа туған нәрестелерді фенилкетонурияға (бұдан әрі – ФКУ) және туда біткен гипотиреозға жаппай зерттеу - қарау, фенилаланин мен тиреотропты гормонның (бұдан әрі – ТТГ) деңгейін анықтауға қан талдауы, есептілікті жүргізе және ұсына отырып, медициналық-генетикалық консультация беруге жіберу жолымен жүргізіледі.

38. Неонатальды скрининг бағыты төрт кезеңнен тұрады:

бірінші кезең - туғаннан кейінгі ерте кезеңдерде жаңа туған нәрестелерде ФКУ-ға және туда біткен гипотиреозға тексеру үшін қан алу, оларды талдау жүргізу үшін денсаулық сақтау субъектілеріне жеткізу.

екінші кезең - фенилаланин мен ТТГ деңгейін анықтау үшін нәрестенің бастапқы қан талдауы.

үшінші кезең - жаңа туған нәрестенің алғашқы қан талдауында фенилаланин мен ТТГ деңгейінің ауытқуы кезінде қайта алу және қан талдауы;

төртінші кезең - медициналық-генетикалық консультация беру фенилаланин мен ТТГ деңгейі жаңа туған нәрестенің қанын қайта талдауда ауытқыған кезде жүргізіледі.

39. Бірінші кезең осы Қағидаларға 4-қосымшада келтірілген фенилаланин мен тиреотропты гормонды айқындауға жаңа туған нәрестелердің құрғақ қан дақтарының үлгілерін алу, таңбалай және тасымалдау алгоритміне сәйкес босандыру қызметтерін көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінде (перинаталдық орталықтар, босандыру үйлері, стационарлардың босандыру бөлімшелері) (бұдан әрі - босандыру үйімдары) жүргізіледі.

40. "Неонатология", "Педиатрия", "Жалпы дәрігерлік практика" мамандығы бойынша дәрігер барлық жаңа туған нәрестелерге қандағы фенилаланин мен ТТГ деңгейін анықтау жолымен неонаталдық скрининг жүргізуі тағайындауды, орта

медицина қызметкери жаңа туған нәрестенің қан үлгілерін алуды және таңбалауды жүргізеді.

41. ФКУ –ға және тұа біткен гипотиреозға зерттең - қарау үшін қан алу толық туған нәрестелерді тамақтандырғаннан кейін 3 сағаттан кейін өмірдің 2-3 тәулігіне (өмірдің 25-72 сағаты), шала туған нәрестелерде - өмірдің 7-14 тәулігіне жүргізіледі.

42. ФКУ және тұа біткен гипотиреозға тексеру үшін қан алуды жүргізер алдында медицина қызметкери жаңа туған баланың ата-анасына немесе басқа занды өкіліне қан алудың және неонаталдық скрининг жүргізуіндік мақсаттары мен рәсімі, тексеруден бас тартудың ықтимал салдары туралы ақпарат береді.

Фенилаланин мен ТТГ деңгейін анықтау үшін құрғақ қан дақтарын алуға ерікті түрде хабардар етілген келісім немесе бас тарту медициналық құжаттамаға енгізіледі.

43. Екінші кезеңде жаңа туған нәрестелердің қан үлгілерін жеткізу осы Қағидаларға 5-қосымшада келтірілген фенилаланин мен тиреотропты гормонды айқындауға бастапқы және қайта талдау жүргізу алгоритміне сәйкес жаңа туған нәрестенің қан үлгісін фенилаланин мен ТТГ айқындауға бастапқы талдау үшін "Зертханалық диагностика" кіші түрі бойынша Медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау субъектілеріне құрғақ қан дақтарының үлгілерін алғаннан кейін күнтізбелік З құннен кешіктірілмей жүргізіледі.

44. Жаңа туған нәресте үйге шығарылған немесе медициналық көрсетілімдер бойынша басқа медициналық ұйымға (балаларға медициналық көмек көрсететін стационар) ауыстырылған жағдайда, сондай-ақ жаңа туған нәрестенің құжаттамасында ФКУ-ға және тұа біткен гипотиреозға тексеру үшін құрғақ қан дақтарының үлгілерін алу туралы ақпарат болмаған кезде (алу босандыру ұйымында жүргізілмеген) жаңа туған нәрестенің болу стационарында немесе медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі - МСАК) ұйымдарында алғашқы патронаждық қарап-тексеру кезінде құрғақ қан дақтарының үлгілерін алу, фенилаланин мен ТТГ анықтауға талдау жүргізу үшін тасымалдау.

45. Фенилаланин мен ТТГ деңгейін анықтауға қан талдауы анализаторларда сертификатталған медициналық техниканы, шығыс материалдарын, медициналық бұйымдарды пайдалана отырып, флюоресценттік белгі әдістерімен жүргізіледі.

Баланың қанында тиреотропты гормон $9,0 \text{ mU/ml}$ және одан жоғары, фенилаланин $2,1 \text{ mg/dL}$ және одан жоғары болған кезде құрғақ қан дақтарының бастапқы үлгілерінен ре-тест жүргізіледі.

46. Зертханалық зерттеулердің барлық түрлерінің сапалы орындалуын қамтамасыз ету үшін сапаны зертханаішілік бақылау және ФКУ аурулары мен тұа біткен гипотиреозды кеш анықтау (30 құннен кеш) немесе өткізіп жіберу жағдайларында зертханаішілік салыстырмалы сынақтар жүргізіледі.

47. Босандыру және МСАК ұйымдарының медицина қызметкерлері неонаталдық скрининг жүргізу туралы мәліметтерді медициналық құжаттамаға (МАЖ) енгізеді.

48. Ушінші кезеңде фенилаланин мен ТТГ жоғары деңгейі туралы ақпарат алғаннан кейін 48 сағаттан кешіктірмей МСАК ұйымының участекелік дәрігері немесе орта медицина қызметкері ата-анасына немесе баланың басқа занды өкіліне талдау нәтижелері және қан үлгілерін қайта алу қажеттігі туралы хабарлайды.

49. Жаңа туған нәрестеден қан үлгілерін қайта алу оның орналасқан жері бойынша амбулаториялық немесе стационарлық жағдайларда жүргізіледі, зертханаға жеткізу, талдау осы Қағидаларға 4-қосымшада келтірілген фенилаланин мен тиреотропты гормонды айқындауға жаңа туған нәрестелердің құрғақ қан дақтарының үлгілерін алу, таңбалау және тасымалдау алгоритміне сәйкес жүргізіледі. Нәтиже қан үлгісін жіберген медициналық ұйымға жіберіледі, ақпарат пациенттің бекітілген жері бойынша МСАК ұйымына беріледі.

50. Төртінші кезеңде жаңа туған нәрестеде фенилаланин немесе ТТГ деңгейі жоғары болған кезде МСАК ұйымының участекелік дәрігері отбасына медициналық-генетикалық консультация беретін "Медициналық генетика" мамандығы бойынша дәрігерге жібереді.

51. "Медициналық генетика" мамандығы бойынша дәрігер басқа жағдайлармен дифференциалды диагностика үшін баланы толық тексеруге, оның ішінде тандемді масс-спектрометрия әдісімен қандағы фенилаланин мен тирозин деңгейін анықтауға жібереді және диагноз қояды.

52. ТТГ деңгейі жоғарылаған кезде участекелік дәрігер "Туа біткен гипотиреоз" диагнозын клиникалық-биохимиялық верификациялау жүргізу үшін баланың бекітілген жері бойынша "Эндокринология" мамандығы бойынша дәрігерге жібереді.

53. Алып тасталды - КР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

54. Медициналық ұйымдар ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 1-күніне дейінгі мерзімде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына "Денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № КР ДСМ-313/2020 бүйрықтың 28-1-қосымшаса (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21879 болып тіркелген) (бұдан әрі – № КР ДСМ-313/2020 бүйрық) сәйкес жаңа туған нәрестелерге неонаталдық скрининг жүргізу туралы ақпарат береді.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда - КР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

55. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары тоқсан сайын есепті

кезеңнен кейінгі айдың 5-күніне дейінгі мерзімде жетекшілік ететін республикалық орталықтарға жаңа туған нәрестелерге неонаталдық скрининг жүргізу туралы ақпаратты жібереді, олар есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне дейінгі мерзімде жиынтық ақпаратты және талдамалық анықтаманы денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға ұсынады.

4-тaraу. Ерте жастағы балалардың аудиологиялық скринингін ұйымдастыру

56. Аудиологиялық скрининг жаңа туған нәрестелердің, ерте жастағы балалардың есту қабілетінің бұзылуын уақтылы анықтау, ерте араласу, мүгедектікке әкелетін ауруларды оңалту және алдың алушін жүргізіледі.

57. Аудиологиялық скринингтің міндеттері:

барлық жаңа туған нәрестелерді, ерте жастағы балаларды және 6 жастағы балаларды қоса алғанда қамту;

одан әрі тексеру, уақтылы араласу және оңалту үшін есту қабілеті бұзылуының тәуекел топтарын ерте анықтау (жүргізілген аспаптық зерттеулердің нәтижелерімен "Өтпеген");

есту қабілетінің бұзылуы (құлақ мүкістігі және керендік) қаупі бар балаларды одан әрі терендете тексеру үшін сурдологиялық кабинеттерге (орталықтарға, бөлімшелерге) жіберу;

есту қабілеті бұзылған балаларды терендетілген педагогикалық тексеру және түзете-дамыта оқыту мәселелерін шешу үшін психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға жіберу;

тексерілген пациенттерді есепке алу медициналық құжаттамаға (МАЖ) деректерді енгізу;

есту қабілеті бұзылған балаларды емдеу, түзету мәселелері бойынша ата-аналарға (занды өкілдерге) консультациялық көмек көрсету.

58. Аудиологиялық скринингті ұйымдастыру екі кезеңнен тұрады:

бірінші кезең-жаңа туған нәрестелерге меншік нысанына қарамастан босандыру ұйымдарында жүргізілетін неонаталдық аудиологиялық скрининг;

екінші кезең – аудиологиялық скрининг, ол 3 ай, 1 жыл, 2 жыл, 3 жыл, 6 жасты қоса алғанда меншік нысанына қарамастан МСАК медициналық ұйымдарының балаларды дамыту кабинеттерінде жүргізіледі.

59. Аудиологиялық скринингтің бірінші кезеңінің іс-шараларына мыналар кіреді:

осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес анамнезді жинау, құлақ мүкістігі мен саныраулығы бойынша тәуекел факторларын айқындау;

жаңа туған нәрестенің ата-анасын немесе басқа занды өкілін аудиологиялық скринингтің мақсаты мен рәсімі, тексеруден бас тартудың ықтимал салдары туралы хабардар ету. Аудиологиялық скрининг жүргізуге ақпараттандырылған келісім немесе бас тарту медициналық құжаттамаға енгізіледі;

осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес жаңа туған нәрестелер мен 6 жасқа дейінгі балаларды қоса алғанда туындаған отоакустикалық эмиссия (бұдан әрі - ТОАЭ) әдісімен аудиологиялық скрининг жүргізу алгоритміне сәйкес ТОАЭ әдісімен (ұлулардың сыртқы түкті жасушаларының дыбыстық сигналға жауап ретінде қысқаруы нәтижесінде сыртқы есту жолында пайда болатын және тіркелетін әлсіз дыбыс) тексеру жүргізу;

жаңа туған нәрестелер мен қоса алғанда 6 жасқа дейінгі балаларға аудиологиялық скрининг жүргізу алгоритміне сәйкес қысқа патенттелген есту қабілеті туыннатқан әлеует әдісімен осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес (ҚҚТӘ) әдісімен тексеру жүргізу;

тексеру нәтижелерін медициналық құжаттамаға енгізу – (МАЖ) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м. а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген "Стационарлық пациенттің медициналық картасы" № 001/е нысаны (Жаңа туған нәрестенің даму тарихына 11-қосымша парас) және босандыру ұйымынан үзінді;

аудиологиялық неонаталдық скринингтің нәтижелерін тіркелген жері бойынша участекелік дәрігерге беру.

60. Аудиологиялық скринингтің бірінші кезеңінде арнайы оқытылған орта медицина қызметкері жаңа туған нәрестенің өмірінің алғашқы 24-72 сағатында жаңа туған нәрестелерге ТОАЭ және ҚЛЕШП тіркеу әдістерімен аудиологиялық скрининг жүргізеді.

61. Бірінші кезеңде аудиологиялық скринингтің орындалуын бақылауды "Неонатология" мамандығы бойынша дәрігер, екінші кезеңде – "Педиатрия", "Жалпы дәрігерлік практика" немесе "Отбасылық медицина" мамандығы бойынша участекелік дәрігер жүзеге асырады.

62. Босандыру ұйымдарының және МСАК медициналық ұйымдарының баланы дамыту кабинеттерінің орта медицина қызметкерлері бір балаға 30 минут есебінен екі әдіспен тексеру жүргізеді.

63. Жаңа туған нәрестеге бірінші кезеңде оның денсаулық жағдайы бойынша зерттеп - қарау жүргізу болмаған жағдайда (күтудің екінші кезеңіне ерте ауыстыру, медициналық ұйымнан тыс босану және басқа да себептер), баланы стационардан шығарғаннан кейін "Педиатрия", "Жалпы дәрігерлік практика" немесе "Отбасылық медицина" мамандығы бойынша участекелік дәрігер аудиологиялық скрининг жүргізу үшін тіркелген жері бойынша МСАК медициналық ұйымының баланы дамыту кабинетіне екі әдіспен (ТОАЭ және ҚЛЕШП) жібереді.

64. Нәтижесі екі құлақта да "Өтті" - екі әдіспен (ТОАЭ және ҚЛЕШП) зерттеп - қарау кезінде құлақ мүкістігінің немесе саңыраудың бар – жоғына көрсеткіш болып табылады.

65. Нәтижесі бір немесе екі құлақта "Өткен жоқ" - екі әдіспен (ТОАӘ және ҚЛЕШП) тексеру кезінде құлақ мүкістігінің немесе саңыраулықтың бар/жоғына құдік болып табылады.

66. ТОАӘ және ҚЛЕШП екі әдістерімен бір немесе екі құлағында "Өткен жоқ" деген нәтижені алған кезде жаңа туған нәрестені "Педиатрия", "Жалпы дәрігерлік практика" немесе "Отбасылық медицина" мамандығы бойынша участекелік дәрігер МСАК медициналық ұйымдарының баланы дамыту кабинетіне аудиологиялық скринингтің екінші кезеңіне жібереді.

67. ТОАӘ және ҚЛЕШП әдістерімен бір немесе екі құлағына "Өтті" деген нәтижені алған кезде жаңа туған нәрестені "Педиатрия", "Жалпы дәрігерлік практика" немесе "Отбасылық медицина" мамандығы бойынша участекелік дәрігер сурдологиялық кабинетке (орталық, бөлімше) жібереді.

68. Аудиологиялық скринингтің екінші кезеңі МСАК медициналық ұйымдарының балаларды дамыту кабинеттерінде 3 ай, 1 жыл, 2 жыл, 3 жыл, 6 жасты қоса алғанда жүргізіледі.

69. Участекелік қызметтің орта медицина қызметкері тіркелген халықты белгіленген мерзімде аудиологиялық скрининг жүргізу қажеттігі туралы алдын ала хабардар етеді (оның ішінде жеке және жазбаша шақыру, жадынамалар, парақшалар, телефон байланысы, хабарламалар арқылы немесе қолда бар мобиЛЬДІ медициналық қосымшалар арқылы).

70. Екінші кезеңде балаларға аудиологиялық скрининг жүргізудің міндепті шарты зерттеу кезінде жіті респираторлық және инфекциялық аурулардың болмауы болып табылады.

71. Аудиологиялық скринингтің екінші кезеңіндегі іс-шаралар мыналарды қамтиды:
анамнез жинау, балаларда құлақ мүкістігі мен саңыраулығы бойынша қауіп факторларын анықтау;

жаңа туған нәрестенің ата-анасын немесе басқа занды өкілін аудиологиялық скринингтің мақсаты мен рәсімі, тексеруден бас тартудың ықтимал салдары туралы хабардар ету. Аудиологиялық скрининг жүргізуге ақпараттандырылған келісім немесе бас тарту медициналық құжаттамаға енгізіледі;

ТОАӘ әдісімен зерттеп - қарау жүргізу;
ҚЛЕШП әдісімен зерттеп - қарау жүргізу;
Зерттеп – қарау нәтижелерін медициналық құжаттамаға, медициналық ақпараттық жүйеге енгізу.

Ескерту. 71-тармақ жаңа редакцияда - КР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

72. ТОАӘ және ҚЛЕШП әдісімен екі құлағына "Өтті" деген нәтиже алған кезде баланы "Педиатрия", "Жалпы дәрігерлік практика" немесе "Отбасылық медицина"

мамандығы бойынша участекелік дәрігер МСАК медициналық ұйымдарының баланы дамыту кабинетіне 1 жас, 2 жас, 3 жасты қоса алғанда келесі аудиологиялық скринингке жібереді.

73. ТОАӘ және ҚЛЕШП әдісімен бір немесе екі құлағына "Өткен жок" деген нәтижені алған кезде баланы "Педиатрия", "Жалпы дәрігерлік практика" немесе "Отбасылық медицина" мамандығы бойынша участекелік дәрігер сурдологиялық кабинетке (орталыққа, бөлімшеге) жібереді.

74. Бірінші және екінші кезеңдерде жүргізілген ТОАӘ және ҚЛЕШП зерттеулерінің, сондай-ақ сурдологиялық кабинетте зерттеп - қарau нәтижелерін "Педиатрия", "Жалпы дәрігерлік практика" немесе "Отбасылық медицина" мамандығы бойынша участекелік дәрігер медициналық құжаттамаға (МАЖ) енгізеді.

75. Сурдологиялық кабинетте (орталықта, бөлімшеде) терендетілген аудиологиялық зерттеп - қарau нәтижелері бойынша естудің қайтымсыз төмендеуі анықталған жағдайда, бала "Медициналық генетика" мамандығы бойынша дәрігердің консультациясына жіберіледі, сондай-ақ динамикалық байқауға жатады және одан әрі аудиологиялық скринингке жіберілмейді.

76. Есту функциясының кез келген дәрежедегі (құлақ мүкістігінің халықаралық сыныптамасына сәйкес) қайтымсыз (созылмалы) бұзылуы бар баланы сурдологиялық кабинет дәрігерінің қорытындысы бойынша "Педиатрия", "Жалпы дәрігерлік практика" немесе "Отбасылық медицина" мамандығы бойынша участекелік дәрігер түзеу-дамыта оқыту жағдайларын айқындау үшін аумақтық психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияға жібереді.

77. Аудиологиялық скринингтің бірінші және екінші деңгейлеріндегі медициналық ұйымдардың басшылары скринингтің ұйымдастырылуын және жүргізу сапасын, аудиологиялық скринингке арналған жабдықты жыл сайын тексеруді және калибрлеуді бақылайды.

78. Босандыру, МСАК ұйымдары, сурдологиялық кабинеттер (орталықтар, бөлімшелер) ай сайын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына және аумақтық ПМПК-ға есепті айдан кейінгі айдың 1-күніне дейінгі мерзімде № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрықтың 28-1-қосымшаға сәйкес аудиологиялық скрининг жүргізу және есту қабілеті бұзылған балалар туралы ақпаратты береді, тоқсан сайын жіберілген балалар туралы ПМПК-мен салыстырып тексеру жүргізеді.

Ескерту. 78-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы рефми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

79. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күніне дейінгі мерзімде жетекшілік ететін республикалық

орталықтарға аудиологиялық скрининг жүргізу туралы ақпаратты және есту қабілеті бұзылған балаларды жібереді, олар есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне дейінгі мерзімде жиынтық және талдамалық ақпаратты уәкілдегі органға ұсынады.

5-тaraу. Ерте жастағы балалардың даму скринингін үйымдастыру

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - КР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

80. Балалардың даму скринингі ерте кезеңде физикалық дамуды, қозғалыс белсендерлігін, сөйлеу дамуын, когнитивтік қабілеттерін, эмоционалды-ерік аясын және әлеуметтік мінез-құлқын бағалау арқылы даму бұзылыстарын ерте анықтауға бағытталған.

Ескерту. 80-тармақ жаңа редакцияда - КР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

81. Балалардың дамуын деңгейін баланың бағалау физикалық, ақыл-ой, әлеуметтік дамуын анықтау және бейінді мамандардың балаларға уақтылы медициналық көмек көрсету үшін жүргізіледі.

Ескерту. 81-тармақ жаңа редакцияда - КР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

82. Даму скринингінің міндеттері:

1) 6 жасқа дейінгі балаларды қамту;

2) даму бұзылыстарының қаупі бар балаларды ерте анықтау, оларды одан әрі тексеру, уақтылы араласу және оңалту;

3) МСАК үйымдарының Даму және ерте араласу орталықтарына балалардың Ерте араласуының жеке бағдарламасын (бұдан әрі – ЕАЖБ) әзірлеу үшін жіберу;

4) дамуының бұзылу қаупі бар балаларды терендетілген педагогикалық зерттең-қарау және түзету-дамыту оқыту мәселелерін шешу үшін психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға жіберу;

5) балалардың даму скринингі және жүргізілген араласу туралы деректерді медициналық ақпараттық жүйеге енгізу;

6) дамуында бұзылыстары бар балаларды зерттең-қарау, емдеу, оңалту мәселелері бойынша ата-аналарға немесе занғы өкілдерге консультациялық көмек көрсету болып табылады.

Ескерту. 82-тармақ жаңа редакцияда - КР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

83. Даму скринингі туғаннан бастап алты жасқа дейінгі балаларға жүргізіледі.

Ескерту. 83-тармақ жаңа редакцияда - КР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

84. Жас ерекшеліктеріне қарай балалардың физикалық дамуын бағалау "Мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушыларын қоса алғанда, халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексерулерді жүргізу қағидаларын, көлемі мен мерзімділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № КР ДСМ-264/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21820 болып тіркелген) сәйкес жүргізіледі, сонымен қатар баланы қарап – тексеру және бойының, салмағының, бас көлемінің центильді кестелерінің көрсеткіштеріне сәйкес нерв – психикалық дамуын бағалауды қамтиды. 5 жасқа дейінгі ұлдар мен қыздар үшін ай сайын бас көлемінің жас шамасына арақатынасының центильді кестелері 13-қосымшада (№1, 2 кестелер) келтірілген. Осы кестелер бойынша шала туған нәрестелерді бағалау кейінгі жасқа жеткенде жүргізіледі.

Ескерту. 84-тармақ жаңа редакцияда - КР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

85. Осы бұйрыққа 14-қосымшага сәйкес балаларды дамыту скринингінің іс-шаралары баланың жасына сәйкес балалардың заңды өкілдеріне сауалнама жүргізу және баланы дамыту кабинеті мейіргерінің баланы дамыту өлшемшарттарына бағалау кіреді.

Ескерту. 85-тармақ жаңа редакцияда - КР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

86. Туғаннан үш жасқа дейінгі балаларда даму салаларының екеуінен екі белгі анықталған жағдайда, және төрт жастан алты жасқа дейінгі балаларда даму салаларының екеуінен үш белгі анықталған жағдайда, мультидисциплинарлық топтың (бұдан әрі – МДТ) консультациясы жүргізіліп, ЕАЖБ әзірленеді.

Ескерту. 86-тармақ жаңа редакцияда - КР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

87. Баланың туғаннан үш жасқа дейінгі даму өлшемшарттарын бағалау кезінде:

ірі моторика;

ұсақ моторика;

сезімталдық аясы;

сөйлеу дамуы;

әлеуметтік аясы ескеріледі.

Ескерту. 87-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

88. Төрт жастан бастап алты жасқа дейінгі балалардың даму өлшемшарттарын бағалау кезінде:

- ірі моторика;
- ұсақ моторика;
- сөйлеу;
- танным;
- әлеуметтік аясы ескеріледі.

Ескерту. 88-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

89. Баланың дамуы туралы мәліметтер "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген "Амбулаториялық пациенттің медициналық картасы" № 052/e нысанына 1 және 2-қосымша параптерина сәйкес МСАК ұйымдарының медициналық ақпараттық жүйесіне енгізіледі.

Ескерту. 89-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

90. Босандыру және МСАК ұйымдары ай сайын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың денсаулық сақтау басқармаларына және аумақтық ПМПК-ға № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрықтың 28-1-қосымшаға сәйкес сәйкес ерте жастағы балалардың психофизикалық дамуына скрининг жүргізу туралы ақпаратты береді, есепті айдан кейінгі айдың 1-күніне дейінгі мерзімде тоқсан сайын жіберілген балалар туралы ПМПК-мен салыстыру жүргізеді.

Ескерту. 90-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

91. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

92. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

93. Алып тасталды - КР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

94. Алып тасталды - КР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

95. Алып тасталды - КР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

96. Алып тасталды - КР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

97. Алып тасталды - КР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

98. Алып тасталды - КР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

99. Алып тасталды - КР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6-тарау. Шала туған нәрестелердің офтальмологиялық скринингін ұйымдастыру

100. Шала туған нәрестелердің офтальмологиялық скринингі нәрестелерде қайтымсыз соқырлықтың дамуын болдырмау үшін шала туған нәрестелердің ретинопатиясын (РН) ерте анықтауға және уақтылы емдеуге бағытталған.

101. Шала туған нәрестелердің офтальмологиялық скринингінің міндеттері:

1) РН ерте анықтау;

2) офтальмологиялық көмекті уақтылы көрсету;

3) РН, офтальмологиялық скрининг, емдеу және оңалту мәселелері бойынша ата-аналарға (занды өкілдерге немесе қамқоршыларға) консультациялық көмек көрсету ;

4) шала туған нәрестелердің офтальмологиялық скринингінің тиімділігін мониторинглеу және талдау.

102. Офтальмологиялық скринингтің бағыты төрт кезеңнен тұрады:

бірінші кезең – скринингке жататын РН дамуы бойынша тәуекел тобын анықтау;

екінші кезең – РН дамуы бойынша тәуекел тобындағы шала туған нәрестелердің көз түбін бастапқы қарап тексеру;

ұшінші кезең - қауіп тобындағы шала туған нәрестелердің көз түбінің жай-күйін қайта қарау және мониторингілеу, РН анықтау; офтальмологиялық көмек көрсетуді талап ететін РН бар шала туған нәрестелердің тобын айқындау, операциялық емдеуге жіберу;

төртінші кезең - операциядан кейінгі қарап - тексеру, мониторингті аяқтау.

Жаңа туған нәрестелерге акушерлік және неонаталдық көмек көрсететін, оның ішінде республикалық деңгейдегі перинаталдық көмектің 2-3 деңгейіндегі босандыру ұйымдары офтальмологиялық скринингтің барлық кезеңдерін жүргізеді.

Катамнез кабинеттері (орталықтары), АЕК ұйымдарының, республикалық маңызы бар қалалардағы және астанадағы көпбейінді ауруханалардың, республикалық орталықтардың, диагностикалық орталықтардың, клиникалық-диагностикалық бөлімшелері де офтальмологиялық скринингтің ұшінші және төртінші кезеңдерін жүргізеді.

103. Бірінші кезеңде офтальмологиялық дәрігер "Неонатология" мамандығы бойынша шала туған нәрестелер арасында РН дамуы бойынша қауіп тобын айқындауды және жаңа туған нәрестені босандыру ұйымынан шығарғанға дейін офтальмологиялық скрининг жүргізуі ұйымдастырады ("Офтальмология" мамандығы бойынша дәрігер қарап - тексеру тағайындауды).

104. РН дамуы бойынша қауіп тобына мынадай көрсетілімдері бар шала туған нәрестелер жатады:

- 1) түу кезіндегі дене салмағы 2000 граммға дейін;
- 2) туған кездегі гестация мерзімі 34 аптадан кем;
- 3) ауыр перинаталдық анамнездің болуы;
- 4) нәрестенің тұрақсыз клиникалық жағдайының болуы.

105. РН диагностикасы және емдеу саласында дайындалған "Офтальмология (балалар, ересектер)" мамандығы бойынша дәрігер көз түбін тексеру жолымен РН дамуы бойынша қаупі бар шала туған нәрестелердің көз түбін бастапқы және қайта қарап - тексеруді жүргізеді.

106. Офтальмологиялық скрининг көз түбін қарап - тексеру арқылы тікелей емес мандай бинокулярлық офтальмоскопының және оптикалық құші 20-28 диоптриялы жанаспайтын асфералық линзалардың көмегімен немесе дәрі-дәрмекпен кеңейтілген кең көлемді ретинальды педиатриялық камерада цифрлық офтальмоскопия жүргізу жолымен жүргізіледі. Торқабығының перифериялық толық қарау ұшін неонатальды тәжірибеде қолдануға жарамды қабақ кеңейткіші және склеродепрессор қолданылады.

107. Екінші кезеңде көз түбін бастапқы қарап тексеру мынадай қарау мерзімінде жүзеге асырылады:

- 1) гестация мерзімі 27 аптадан кем шала туған нәрестелерде рецептіден кейінгі жаста 30-31 - аптада;

2) босанғаннан кейінгі 4 - аптада гестация мерзімі шала 27 апта және одан кейін туған нәрестелерде.

108. "Офтальмология (балалар, ересектер)" мамандығы бойынша дәрігер әрбір офтальмологиялық қарап-тексеру кезінде өз қорытындысында РН аймағын, сатысын және таралуын, аурудың "пре+" немесе "+" кез келген белгілерінің болуын нақтылайды, келесі офтальмологиялық қарап-тексеру уақыты (қажет болған кезде) туралы ұсынымдарды көрсетеді.

109. Үшінші кезеңде "Офтальмология (балалар, ересектер)" мамандығы бойынша дәрігер көз түбінің жағдайына байланысты мынадай есептепен қайта қарап-тексеруді жүргізеді:

1) үш күнде бір рет: артқы агрессивті РН кезінде, II аймақта үшінші сатыдағы РН кезінде, аурудың сатысы мен жергіліктеуіне қарамастан "пре-плюс" немесе "плюс" ауруына құдік болған кезде;

2) аптасына бір рет: I аймақта торқабықтың аваскуляры болған кезде, II аймақта екінші сатыдағы РН және III аймақта үшінші сатыдағы РН кезінде аурудың "+" белгілері жоқ;

3) екі аптада бір рет: II аймақта бірінші сатыдағы РН кезінде, аурудың "+" белгілері жоқ III аймақта бірінші-екінші сатыдағы РН кезінде, II және III аймақтарда аваскулярлық торқабықтың болуы.

110. Көз түбін тексеру нәтижелері бойынша "Офтальмология (балалар, ересектер)" мамандығы бойынша дәрігер РН айқындайды және офтальмологиялық көмек көрсетуге көрсеткіштері бар шала туған нәрестелер тобын айқындайды және операциялық емдеуге жібереді.

111. Офтальмологиялық көмек көрсетудің абсолютті көрсеткіштері бірінші типтегі РН болып табылады:

- 1) артқы агрессивті РН;
- 2) I аймақта аурудың "+" белгілері бар кез келген РН;
- 3) I аймақта аурудың "+" белгілері бар немесе жоқ үшінші сатыдағы РН;
- 4) II аймақта аурудың "+" белгілері бар екінші және үшінші сатыдағы РН.

112. Офтальмологиялық көмек көрсетуге сәйкесінше көрсетілімдер екінші типтегі РН болып табылады:

- 1) II аймақта аурудың "+" белгілері жоқ үшінші сатыдағы РН;
- 2) I аймақта аурудың "+" белгілері жоқ бірінші және екінші сатыдағы РН.

113. РН бар шала туған нәрестеге офтальмологиялық көмек көрсетілімдері анықталғаннан кейін 48-72 сағаттан кешіктірілмей көрсетіледі.

114. Төртінші кезеңде көз түбінің, оның ішінде операция жасалған шала туған нәрестелердің жай-күйін мониторингтеу кезінде мынадай өлшемшарттардың кемінде біреуінің негізінде офтальмологиялық скринингті аяқтау туралы шешім қабылданады:

- 1) I немесе II аймақтарда РН алдыңғы белгілерінсіз торқабықтың III аймағына дейін вакуляризациясы;
- 2) торқабықтың толық вакуляризациясы;
- 3) РН регрессиясы.

115. Офтальмологиялық скринингтің нәтижелері, оның ішінде офтальмологиялық көмек көрсету бойынша (көрсетілімдер бойынша) офтальмологиялық қарап-тексеру уақыты, орны туралы ұсынымдар жаңа туған нәрестенің даму тарихына нысан бойынша, сондай-ақ босандыру ұйымынан жаңа туған нәрестенің үзіндісіне енгізіледі.

116. Шала туған нәрестелердің офтальмологиялық скринингінің кезеңдерін жүзеге асыратын медициналық ұйымдар сабактастықты, оның ішінде офтальмологиялық скринингтің деректерін беру арқылы (бекітілген жері бойынша МСАК медициналық ұйымын қоса алғанда) жүзеге асырады.

117. Медициналық босандыру ұйымдарының басшылары офтальмологиялық скринингті ұйымдастыру мен өткізу сапасын, сондай-ақ офтальмологиялық көмек көрсету үшін РН бар шала туған нәрестелерді уақтылы жіберуді үйлестіреді.

118. Босандыру медициналық ұйымдары облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 1-күніне дейінгі мерзімде босандыру ұйымдарында шала туған нәрестелердің ретинопатиясын дамыту жөніндегі қауіп тобындағы шала туған нәрестелерге офтальмологиялық скрининг жүргізу туралы ақпаратты № КР ДСМ-313/2020 бұйрықтың 28-1-қосымшаға сәйкес жібереді.

Ескерту. 118-тармақ жаңа редакцияда - КР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

119. Облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күніне дейінгі мерзімде жетекшілік ететін респубикалық орталықтарға ақпарат пен қысқаша талдауды жібереді, олар өнірлер бөлінісінде жиынтық ақпаратты және талдамалық анықтаманы есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне дейінгі мерзімде уәкілетті органға ұсынады.

7-тарау. Жүкті әйелдер мен отбасылық жұпта жұлын бұлшықет атрофиясын тасымалдауға скринингті ұйымдастыру тәртібі

Ескерту. 7-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - КР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Қағидалар 7-тараумен толықтырылды - КР Денсаулық сақтау министрінің 21.02.2025 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

120. Жұлын бұлшықет атрофиясын (бұдан әрі – ЖБА) тасымалдауға арналған скрининг жүкті әйелдер мен отбасылық жұпта жүктілікті жоспарлауға дейін гендердегі мутацияларды ерте анықтауға бағытталған.

Ескерту. 120-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

121. ЖБА тасымалдаушыларына скринингтің міндеттері:

1) жүкті әйелдер мен отбасылық жұпты қамту;

2) ЖБА бар балалардың тууын уақтылы ескерту үшін жүкті әйелдер мен отбасылық жұпта ЖБА жасырын тасымалдаушысын ерте анықтау және одан әрі тексеру;

3) терендетілген генетикалық тексеру және одан әрі мониторинг тактикасын айқындау үшін ЖБА тасымалдауға талдаудың оң нәтижесі бар жүкті әйелдер мен отбасылық жұпта консультация беру;

4) есеп жүргізу үшін медициналық ақпараттық жүйеге (бұдан әрі – МАЖ) ЖБА тасымалдауға талдаудың оң нәтижесі бар тұлғаларды енгізу;

5) ЖБА тасымалдаушыларына скринингтің тиімділігін мониторингілеу және талдау жүргізу.

Ескерту. 121-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

122. Жүкті әйелдер мен отбасылық жұпта ЖБА тасымалдаушыларына скрининг жүргізу кезеңдері:

бірінші кезең амбулаториялық-емханалық қызмет (МСАК, ОАА, ЖДО) үйымдарында өткізіледі;

екінші кезең перинаталдық орталықтар (көпбейінді ауруханалар) деңгейінде консультациялық-диагностикалық бөлімшелерде өткізіледі.

Ескерту. 122-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

123. Скринингтің бірінші кезеңінде жалпы практика дәрігері (бұдан әрі – ЖПД) немесе МСАК (ОАА, ЖДО) үйымының оқытылған медицина қызметкері:

1) нысаналы топ арасында ЖБА тасымалдаушыларына, әлеуметтік желілер және басқа да заманауи коммуникация арналары арқылы уақтылы скринингтен өтудің орындылығы туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

2) қозғалыс бағытын айқындаі отырып, жүкті әйелдер мен нысаналы топтағы адамдардың тізімін қалыптастырады және ЖБА тасымалдаушыларына скрининг жүргізуді үйымдастырады;

3) ЖБА тасымалдаушылыққа (бұдан әрі – ЖБА тасымалдаушысы) оларды консультация алу және қосымша тексеру үшін оң нәтижесі бар жүкті әйелдер мен

нысаналы топтағы адамдар анықталған жағдайда "Медициналық генетика" мамандығы бойынша дәрігерге жібереді.

Ескерту. 123-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

124. Екінші кезеңде перинаталдық орталықтар (көпбейінді ауруханалар) деңгейіндегі консультативтік-диагностикалық бөлімшелерде "Медициналық генетика" мамандығы бойынша дәрігер:

1) ЖБА тасымалдаушысы бар жүкті әйелдер мен нысаналы топтағы адамдар арасында жүктілікті жоспарлау және жұбайларын ЖБА тасымалдаушыларына тексеру мәселелері бойынша консультация ұйымдастырады және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

2) ЖБА тасымалдаушысы бар жүкті әйелдер мен нысаналы топтағы адамдар тексеру және бақылау мәселелері бойынша консультация беру қызметін қамтамасыз етеді;

3) ЖБА тасымалдаушысы бар жүкті әйелдер мен нысаналы топтағы адамдарға терендетілген тексеру жүргізуі және оларды МАЖ-та дербес тіркеуді жүзеге асырады;

4) ЖБА тасымалдаушысы бар жүкті әйелдер мен нысаналы топтағы адамдарды жүктілікті жоспарлау алдында тексеруді қамтамасыз етеді;

5) ЖБА тасымалдаушысы бар жүкті әйелдер мен нысаналы топтағы адамдардың жүктілік және балалардың туу нәтижесіне жыл сайын талдау жүргізеді;

6) ЖБА тасымалдаушыларына жүргізілген скринингтің тиімділігіне мониторинг пен талдауды жүзеге асырады.

Ескерту. 124-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

125. Медициналық ұйымдардың (перинаталдық орталықтар, көпбейінді ауруханалар, МСАК, ОАА, ЖДО), басшылары барлық кезеңдерде сабактастықты сақтай отырып, жүкті әйелдер мен нысаналы топтағы адамдарда ЖБА тасымалдаушылығына скринингті қамтуды және сапалы жүргізуі қамтамасыз етеді.

Ескерту. 125-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

126. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жүкті әйелден қан үлгісін алу, таңбалау, жеткізу алгоритмі

Қан алу "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген № 097/е нысанының "Қанды биохимиялық генетикалық скринингке жіберу" толтырылған қосымша параграф болған кезде жүргізіледі. Барлық тармақтар дұрыс және анық толтырылады.

Қан алу амбулаториялық жағдайларда жүкті әйелдерге көмек көрсететін медициналық ұйымдарда соңғы менструацияның бірінші күнінен бастап 11 апта 0 күннен бастап 13 аптаға дейін 6 күн аралығында жүргізіледі.

Қан алу бірінші триместрдің ультрадыбыстық скринингінің деректері болған кезде (1-3 күн ішінде ұсынылады), аш қарынға бөлгіш гелі бар бір реттік вакуумдық пробиркаға немесе ұйыған активаторы бар вакуумды үлгідегі бір реттік пробиркаға, оның ине арқылы еркін ағымы кезінде антикоагуланттарды қолданбай, кемінде 5 мл көлемінде гемолизден аулақ бола отырып, немесе қанның құрғақ дақтарына қан алу кезінде аналық сарысу маркерлерін талдауға қан алуға арналған сұзгі қағазын және жанаспалы-белсендірілетін ланцетті пайдалана отырып жүргізіледі. Сұзгі қағазын қолданған кезде стерильді қолғаптар пайдаланылады.

Қан құйылған пробиркағы немесе қан дақтары бар сұзгі қағазындағы нөмір жүкті әйелге жолдама бланкісіндегі нөмірге сәйкес беріледі.

Қанды алғаннан кейін пробирканы мұқият (сілкілемей) қан реагенттермен толық араласқанға дейін 6-8 рет айналдырады, қойылғанша бөлме температурасында қалдырады, одан кейін минутына 1500-2000 айналымда 10 минут центрифугалайды. Гелі бар пробиркаларды қан алғаннан кейін 2 сағаттан кешіктірмей центрифугалайды.

Қанның құрғақ дағына қанды алу кезінде:

ортаңғы немесе кішкене саусақтың тесілген жерін 70 % этиль спиртімен сұрту, тескен жер толық құрғағанша күту;

стерильді лацент көмегімен тілік/тесік жасау керек, бірінші кішкене қанды стерильді мақтамен алғып тастау керек және қанның ағуын ұлғайту үшін қолды төмен түсіру керек;

саусақты қыспай қанның үлкен тамшысы пайда болғанша күте түру және саусаққа жапсырмай оны фильтрлік қағазды тигізу, қағазды қанның шыққан мөлшерін бір рет қабылдағанда фильтрлік қағаз әбден сіңіретіндей және ол белгіленген аумақты толық жауып, сіңіретіндей етіп басу керек;

фильтрлік қағаздың әрбір дөңгелегін сіндіру фильтрлік қағаздағы барлық дөңгелектерді қанмен толтыратындағы етіп фильтрлік қағаздың бір жағымен бір реттік салу кезінде ғана орындалады, осындағы тәртіпте фильтрлік қағаздың әрбір дөңгелегін толтыру;

саусақты стерильді спиртті салфеткамен сұртіп, қан толық тоқтағанша стерильді спиртті салфеткамен басу және ұстап тұру керек.

Қанның дағы бар фильтрлік қағазды қан дағына жанасудан және жабудан аулак бола отырып, жылу көзінен, күннің тұра сәулесінен және ая ағынынан алыста бөлме температурасында кемінде 3 сағат таза құрғақ абсорбацияланбайтын бетке көлденең орналастырып, кептіру керек.

Қанның құрғақ дақтарының үлгілерін кептіргеннен кейін пренаталдық скрининг жүргізген медициналық ұйымға (бұдан әрі – ПСМҰ) кейіннен жіберу үшін қағаз су өтпейтін және жыртылмайтын конвертке қанның құрғақ дақтарын жинап, қол тигізбей қаптау керек.

Қанның құрғақ дақтарының үлгілерін жібергенге дейін тоқазытқышта емес, құрғақ салқын жерде сақтау керек.

Пренатальдық скринингтің екінші кезеңінің медициналық ұйымына КР ДСМ – 175/2020 бұйрығымен бекітілген № 097/е нысаны бойынша қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіште ілеспе хатпен толтырылған қосымша параптари бар, қан алғаннан кейін 36 сағат ішінде температуралық режимдерді сақтамай, плюс 2° – 8° 0 С температурада сұық элементі бар термоконтейнерде сарысу үлгілері жеткізіледі. Жүкті әйелдің қан сарысуының немесе құрғақ дағының әрбір үлгісі № КР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген № 097/е нысаны бойынша толтырылған қосымша параптен сүйемелденеді.

Пренаталдық скринингтің екінші кезеңінің медициналық ұйымында жүкті әйелдің әрбір қан үлгісінің келген күні тіркеледі. Аналық Сарысу маркерлерін талдау нәтижесін беру мерзімі жүкті әйелдің қан үлгісі пренаталдық скринингтің екінші кезеңінің медициналық ұйымына келгеннен кейін күнтізбелік З күннен аспайды.

Қан алу мерзімдері, қан алу, жеткізу, сақтау қағидалары бұзыла отырып, дұрыс толтырылған жолдама бланкісі жоқ қан сарысуларының немесе құрғақ дақтарының үлгілері пренаталдық скринингтің екінші кезеңінің медициналық ұйымында сарысудың немесе қанның құрғақ дағының үлгісі келіп түскен күні бірінші кезеңінің медициналық ұйымына жіберілген хабарламамен талданбайды.

Пренатальдық скринингтің бірінші кезеңінің медициналық ұйымы хабарламаны алғаннан кейін жүкті әйелдің қанын дереу қайта алуды және қан алудың барлық қағидалары мен мерзімдерін сақтай отырып, қан үлгісін қайта жіберуді ұйымдастырады.

Жеке генетикалық қауіп болған жағдайда пренаталдық скринингтің екінші кезеңінің медициналық ұйымы бірінші триместрдің аралас тестінің нәтижесін алған күні оны жіберген пренаталдық скринингтің бірінші кезеңінің медициналық ұйымына жоғары қауіпті жүкті әйел туралы қосымша ақпарат береді.

АСМ талдауын орындаған медициналық ұйым сақтайды:

Жүкті әйелдердің сарысу үлгілерін мұздатқыш камера жағдайында минус 20° С температурада бір жыл ішінде немесе босану нәтижесі туралы ақпарат алғанға дейін:

Құрғақ қан дақтары бар фильтрлік бланкілері бөлме температурасында салқын, құрғақ, қараңғы жерде сақталып, одан кейінгі екі жылда немесе босанғаннан кейін ақпарат алу нәтижесі туралы "Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 тамыздағы № ҚР ДСМ-96/2020 (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 тамызда № 21080 болып тіркелді) бұйрығына сәйкес жойылады.

Скринингті ұйымдастыру
қағидаларына
2-қосымша

Пренаталдық скрининг өткізу туралы ақпаратты ұсыну алгоритмі

Ескерту. 2-қосымша алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Скринингті ұйымдастыру
қағидаларына
3-қосымша

Пренатальды скрининг процесінің және нәтижесінің көрсеткіштері

Ескерту. 3-қосымша алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.08.2025 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Скринингті ұйымдастыру
қағидаларына
4-қосымша

Фенилаланин мен тиреотропты гормонды анықтау үшін жаңа туған нәрестелердің құрғақ қан дақтарының үлгілерін алу, таңбалau және тасымалдау алгоритмі

Фенилаланин мен тиреотропты гормонды анықтау үшін қанның құрғақ дақтарының үлгілерін алу шала туған нәрестелерде өмірдің 2-3 күніне (өмірдің 25-72 сағаты), шала туған нәрестелерде – өмірдің 7-14 күніне, таңертен құрғақ дақ әдісімен соңғы тамақтандырганнан кейін 3 сағаттан ерте емес жүргізіледі.

Қан реактивтер жиынтығының құрамына кіретін сұзгі қағазының карточкаларына (бұдан әрі – тест-бланкілер) салынады. Фенилаланин мен тиреотропты гормонды анықтауға қан үлгісін алу туралы ақпарат жаңа туған нәрестенің үзіндісіне немесе қан алу күнін көрсете отырып, амбулаториялық науқастың картасына енгізіледі.

Құрғақ қан дақтарын кетіру әдісі бірнеше кезеңнен тұрады:

1) қан алудан бұрын жаңа туған нәрестенің өкшесін дымқыл, содан кейін 70% этил спиртіне малынған стерильді сулықпен сұртеді. Қан гемолизін болдырмау үшін өндөлген жерді құрғақ стерильді шуберекпен ылғалдандыру керек.

2) жаңа туған нәрестенің өкшесін тесуді стерильді бір рет қолданылатын скарификатормен 2 мм аспайтын терендікке жүзеге асырады, қанның бірінші тамшысын стерильді құрғақ тампонмен алып тастайды.

3) жаңа туған нәрестенің өкшесіне қысым жасамай, бір рет, толық және қан арқылы сінетін тест-бланк перпендикуляры түрде қолданылатын екінші қан тамшысының жинақталуын күтіңіз. Бір тест-бланкіге кемінде 3 қан дақтары жағылады, дақтың диаметрі кемінде 12 мм, қан дақтарының түрі тест-бланкінің екі жағынан бірдей.

4) қаны бар Тест-дайындалар күн сәулесінің тікелей түсуіне жол бермей, қосымша жылумен өндеуді қолданбай, таза майсыздандырылған бетте көлденең қалыпта кемінде 2 сағат кептіріледі.

5) қан алуды жүзеге асыратын медицина қызметкері қан дақтарын шарикті қаламмен қозгамай, құрамында қан бар тест-бланкілерде мынадай мәліметтерді анық жазады:

қан үлгісі бар тест-бланкінің реттік нөмірі;

баланың анасының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

медициналық құжаттаманың бастапқы тіркеу нөмірі (босану тарихының, ауру тарихының нөмірі немесе амбулаториялық науқастың картасы).

6) қан құйылған тест-бланкілерді кептіргеннен кейін қанның құрғақ дақтарын ұстамай таза қағаз су өткізбейтін және жарылуға төзімді конвертті жинап, буып-түйеді, кейіннен қан алынғаннан кейін 36 сағаттан аспайтын уақыт ішінде медициналық-генетикалық консультацияга жібереді.

7) қаны бар тест-бланкілер жөнелтілгенге дейін салқын, құрғақ жерде, тоңазытқышта сақталмайды. Қаны бар Тест-бланкілер мынадай мәліметтер көрсетілген тізиммен бірге жүреді:

жаңа туған нәрестеден қан үлгілерін алу жүргізілген медициналық ұйымның атауы; қан үлгісі бар тест-бланкінің реттік нөмірі;

